

## Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1248 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 574 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 574 қаулысымен.**

### БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 20-бабы 1-1-тармағының 3 ) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 10-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3 1

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 4 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидалары

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 875 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан

Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) бухгалтерлердің кәсіптік ұйымдарын (бұдан әрі – кәсіптік ұйымдар) және бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйымдарды (бұдан әрі – сертификаттау жөніндегі ұйымдар) аккредиттеу жүргізу тәртібін белгілейді.

## **2. Аккредиттеу рәсімін жүргізу тәртібі**

2. Кәсіптік ұйымдар [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы аккредиттеу жүргізу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) кәсіптік ұйымның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұрату;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) оқыту іс-шараларын өткізу жоспарын көрсете отырып, өз мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінің болуын растайтын электрондық құжат.

3. Сертификаттау жөніндегі ұйымдар аккредиттеуді өткізу үшін портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) сертификаттау жөніндегі ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сұрату;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келетін «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша емтихан модульдерін және емтихандар нәтижелерін бағалау тәртібін қамтитын сертификаттау бағдарламалары бойынша электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі материалдар;

4) мыналарды:

тест сұрақтарын және ахуалдық есептерді қамтитын емтихан модульдерінің құрылымын;

сертификаттау пәндері бойынша емтихандардың кемінде үш сағат ұзақтығын; кәсіби бухгалтерлерге кандидаттардың (бұдан әрі - кандидат) емтихан жұмысын тексеруді жүргізудің емтихан тапсырған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімін;

соңғы сертификаттау пәні бойынша оң нәтиже алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен аспайтын сертификаттарды беру мерзімін; «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп

» пәні бойынша кандидаттың оң нәтиже алуын, ол нәтиже бекітілген күннен бастап келесі үш жыл ішінде, «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша – нәтиже бекітілген күннен бастап келесі бес жыл ішінде ғана ж а р а м д ы д е п т а н ы л а д ы ;

кандидаттардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін көрсете отырып, электрондық құжат нысанында кәсіби бухгалтерді сертификаттау жөніндегі емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы бекітілген е р е ж е ;

5) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында емтихан комиссиясы төрағасының, оның мүшелерінің, тәуелсіз бақылаушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін және оның құрамын көрсете отырып, көрсетілген комиссия туралы бекітілген ереже;

б) электрондық құжат нысанында шағымды және комиссияның (кеңестің) шешімін қарау мерзімін, нысанын белгілей отырып, апелляциялық комиссияның (кеңестің) құрамын, шағымдарды беру мерзімін және емтихандардың нәтижелері бойынша шағымдар сотқа дейін қарауды жүргізу тәртібін көрсете отырып, апелляциялық комиссия (кеңес) туралы бекітілген ереже.

4. Уәкілетті орган аккредиттеуге құжаттарды қабылдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келетін «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде емтихан модульдерін және емтихан нәтижелерін бағалау тәртібін қамтитын сертификаттау бағдарламалары жөніндегі материалдарды өзара іс-қимыл жасау туралы келісім жасалған аккредиттелген кәсіптік ұйымдардың қ а р а у ы н а ж і б е р е д і .

5. Уәкілетті орган өздерінің атына материалдарды жіберген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде аккредиттелген кәсіптік ұйымдар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген аккредиттеу үшін материалдардың мазмұны бойынша талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарау нәтижелерін ұсынады .

6. Кәсіптік ұйымдар және сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлікке үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде уәкілетті органның басшысы немесе уәкілетті орган басшысының міндетін атқарушы лауазымды тұлға қол қояды, тіркейді және уәкілетті органның мөрімен б е к і т і л е д і .

7. Кәсіптік ұйымдардың және сертификаттау жөніндегі ұйымдардың құжаттарын қарау және аккредиттеу туралы куәлік беру, қайта ресімдеу туралы шешім қабылдау мерзімі осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген

құжаттар қабылданған сәттен бастап жиырма бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

8. Кәсіптік ұйымдар мынадай:

- 1) кәсіптік ұйымның құрамында кемінде үш жүз кәсіби бухгалтердің болуы;
- 2) халықаралық практикаға сәйкес келетін ұйымның жарғысына сәйкес бекітілген Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексiнiң болуы;
- 3) өз мүшелерiнiң бiлiктiлiгiн арттыру жүйесiнiң болуы талаптарына жауап б е р е д i .

9. Сертификаттау жөнiндегi ұйымдар мынадай:

- 1) оқытуға тәуелсiз емтихан жүйесiнiң болуы;
- 2) кәсіптік ұйыммен өзара iс-қимыл туралы келiсiмнiң болуы;
- 3) осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетiлген аккредиттеу үшiн материалдардың мазмұнына қойылатын талаптардың сақталуы талаптарына ж а у а п б е р е д i .

10. Кәсіптік ұйымды және сертификаттау жөнiндегi ұйымды аккредиттеу туралы куәлiк аккредиттеудi куәландыратын ресми құжат болып табылады, Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Кәсіптік ұйымды аккредиттеу туралы куәлiк бес жыл мерзiмге және сертификаттау жөнiндегi ұйымды аккредиттеу туралы куәлiк үш жыл мерзiмге уәкiлеттi орган бекiтетiн нысандар бойынша берiледi.

Куәлiк бланкiлерiнiң есепке алу сериясы, нөмiрi болады және қатаң есептiлiк құжаттары болып табылады. Уәкiлеттi орган кәсіптік ұйымды және сертификаттау жөнiндегi ұйымды аккредиттеу туралы куәлiктiң бланкiлерiн дайындауды, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етедi.

11. Кәсіптік ұйымдарда мынадай:

- 1) халықаралық қаржылық есептiлiк стандарттары;
- 2) бухгалтерлердiң бiлiктiлiгiн арттыру;
- 3) этика мәселелерi;

4) дауларды қарау бойынша жұмыс органдары бар болуға тиіс.

Кәсіптік ұйымдардың қалауы бойынша сол сияқты жарғымен белгiленген басқа да жұмыс органдары болады.

12. Сертификаттау жөнiндегi ұйымдар, емтихан, апелляциялық комиссиялардың құрамдары өзгерген жағдайда, бұл өзгерiстер туралы уәкiлеттi органды күнтiзбелiк он бес күн iшiнде жазбаша түрде хабардар етуге, сондай-ақ өзара iс-қимыл туралы келiсiм жасалған кәсіптік ұйыммен бiрлесiп емтихандар жү р г i з у г е т и i с .

13. Өз қызметiн одан әрi жетiлдiру мақсатында кәсіптік ұйымдар және сертификаттау жөнiндегi ұйымдар аккредиттеу туралы куәлiктiң қолданылу мерзiмi аяқталғанға дейiн үш ай бұрын осы Қағидаларда көзделген тәртiппен құжаттарды және аккредиттеу туралы тиiстi куәлiктi уәкiлеттi органға ұсынады.

14. Атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда кәсіптік ұйым және сертификаттау жөніндегі ұйым аккредиттеу рәсімінен өтеді.

15. Заңды мекенжайы өзгерген жағдайда кәсіптік ұйымды немесе сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін кәсіптік ұйымның немесе сертификаттау жөніндегі ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрату күнтізбелік он бес күн ішінде порталға ұсынылуы қажет.

Порталда электрондық сұратуды қабылдау кәсіптік ұйымның немесе сертификаттау жөніндегі ұйымның «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Құжаттар кәсіптік ұйымның немесе сертификаттау жөніндегі ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Кәсіптік ұйымдарды,  
сертификаттау жөніндегі  
ұйымдарды аккредиттеу

қағидаларына

1-қосымша

## Сұрату

---

---

(кәсіптік ұйымының, сертификаттау жөніндегі ұйымның толық атауы  
(керегінің астын сызу керек) бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

---

\_\_\_\_\_ қызметті жүзеге  
асыру үшін аккредиттеуді (қайта ресімдеуді) сұраймын.

Орналасқан жері:

---

---

---

Кәсіптік ұйымының,  
сертификаттау жөніндегі  
ұйымның басшысы

(керегінің астын сызу керек) \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты және әкесінің  
аты (болған жағдайда))

Мө р о р н ы \_\_\_\_\_

(күні)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын  
мәліметтерді пайдалануға келісемін

20 \_\_\_ ж. « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

(ҚОЛЫ)

Кәсіптік ұйымдарды,  
сертификаттау жөніндегі  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Мәліметтер нысаны Ұйымның жарғысына сәйкес бекітілген,  
халықаралық практикаға  
сәйкес келетін Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі**

Р / с №	күні
1	2

Бухгалтерлердің кәсіптік ұйымы құрамының мүшелері \_\_\_\_\_

(бухгалтерлердің кәсіптік ұйымының атауы, бизнес-сәйкестендіру  
нөмірі көрсетіледі)

№ 1 кесте

Р/с №	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	Жұмыс орны, лауазымы	Мекен-жайы, телефоны, электрондық мекен-жайы	Кәсіби бухгалтер сертификатының берілген күні мен нөмірі (болған жағдайда)	Жұмыс өтілі (бухгалтерлік есеп немесе аудит саласында кем дегенде екі жыл жұмыс өтілі)	Бухгалтерлердің кәсіптік ұйымына кіру күні
1	2	3	4	5	6	7	8

№ 2 кесте

Р/с №	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Бухгалтерлік ұйымның атауы	Заңды мекен-жайы	Бухгалтерлердің кәсіптік ұйымына кіру күні	Мүшелік билетінің немесе бухгалтерлердің кәсіптік	Жеке сәйкестендіру нөмірі

					ұйымдарында мүшелікті дәлелдейтін құжаттың нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7

Бухгалтерлердің кәсіптік ұйымдарының жұмыс органдарының болуы туралы мәліметтер

Бөлімшенің атауы	Бөлімше басқарушысының лауазымы	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	Басшының тегі, аты және әкесінің аты ( болған жағдайда)	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
1	2	3	4	5

Өз мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінің болуы

Иә	Жоқ
1	2

Бухгалтерлердің кәсіптік  
ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты және әкесінің аты  
( болған жағдайда )  
М ө р о р н ы \_\_\_\_\_  
(күні)

Кәсіптік ұйымдарды,  
сертификаттау жөніндегі  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
3-қосымша

### Мәліметтер нысаны

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымымен өзара іс-қимыл туралы келісім\*

Р / с №	Күні	Бухгалтерлердің кәсіптік ұйымының атауы	Қолданылу мерзімі (кемін, 3 жыл)
1	2	3	4

Е с к е р т п е :

\* бірнеше келісім жасалған кезде барлық мәліметтер ұсынылады  
Тәуелсіз емтихан жүйесінің құрылымы туралы мәліметтер

Бөлімшенің атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Басшының тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	Оқытатын ұйымдарға қатысы бар ма	Лауазымның атауы	Байл әле меке
1	2	3	4	5	6

### Емтихан комиссиясының құрамы\*\*

Р/с №	Емтихан комиссиясындағы ереже	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Мекен-жайы, телефоны, электрондық мекен-жайы	Экономика және қаржы саласында, бухгалтерлік, экономикалық, қаржы, аудиторлық, бақылау-тексеру салаларында немесе жоғар және арнайы орта оқу орындарында бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызм саласында кемінде соңғы б жыл жұмыс өтілі
1	2	3	4	5	6	7
	Төраға					
	Комиссия мүшелері					
	Хатшы					

### Е с к е р т п е :

\*\* кемінде он мүше, оның ішінде кәсіби бухгалтер сертификаты бар кемінде 5 мүше, заң білімі және заң саласында кемінде соңғы үш жылда жұмыс өтілі бар кемінде 1 мүше.

Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларына  
4-қосымша

### Сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу үшін материалдардың мазмұнына қойылатын талаптар

1. Осы талаптар сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу үшін уәкілетті орган ұсынатын материалдарға қойылады.
2. «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша аккредиттеу үшін материалдар мыналардан:
  - 1) емтихандық модульден;
  - 2) емтихандардың нәтижелерін бағалау тәртібінен тұрады.
3. «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік



есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша аккредиттеу үшін материалдардың мазмұны мынадай тізбелерге сәйкес келуі тиіс :

- 1) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша тақырыптар тізбесі;
- 2) «Салық және салық салу» пәні бойынша тақырыптар тізбесі;
- 3) «Азаматтық құқық» пәні бойынша тақырыптар тізбесі.

4. Көрсетілген пәндер бойынша аккредиттеу үшін материалдар олар ұсынылған күнгі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді, «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша қолданыстағы өзгерістерді және мемлекеттік және орыс тілдеріне ресми аудармаларды ескере отырып, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарға (бұдан әрі – ХҚЕС) да сәйкес келеді.

5. Жекелеген пәндер бойынша емтихандық модуль мыналарды:

1) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша – «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес жауаптары бар кемінде екі жүз тест сұрағының және шешуі бар жүз есепті, әрбір ХҚЕС бойынша кемінде бір есепті;

2) «Салық және салық салу» пәні бойынша – «Салық және салық салу» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес жауаптар бар кемінде үш жүз тест сұрағының және шешуі бар кемінде жетпіс есепті;

3) «Азаматтық құқық» пәні бойынша – «Азаматтық құқық» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес жауаптары бар кемінде екі жүз қырық тест сұрағының және жетпіс есепті қамтиды.

6. Көрсетілген пәндер бойынша тест сұрақтары осы талаптарға сәйкес тізбелердегі барлық тақырыптарды (ХҚЕС (IAS) 26 «Зейнетақы жоспарлары бойынша есеп және есептілік», ХҚЕС (IAS) 29 «Гиперинфляциялық экономикадағы қаржы есептілігі» қосылмайды) қамтиды. Бұл ретте әрбір тақырып бойынша «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша кемінде алты сұрақ және «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша кемінде он төрт сұрақ ж а с а л а д ы .

Тест жауаптары жалғыз ғана дұрыс жауап болатындай етіп жасалады. Тест сұрақтарында «Неғұрлым дәл анықтаманы көрсетіңіз» деген үлгі бойынша тесттің конструкциясына және тест бойынша жауаптарда «Барлық жауаптар дұрыс» деген үлгі бойынша конструкциясына жол берілмейді.

Тестілерде дұрыс жауапты көрсету талабымен ахуалдық есептерді жазуға жол б е р і л е д і .

7. Емтихандардың нәтижелерін бағалау тәртібі:

- 1) емтихан билеттерін қалыптастыру қағидаларын;
- 2) емтихан нәтижелерін бағалау қағидаларын;
- 3) емтихан жұмыстарын кодтау/кодты алып тастау қағидаларын қамтиды.

Е м т и х а н б и л е т і :

- 1) тест сұрақтарынды (кемінде отыз);
- 2) міндетті есепті (кемінде бір);
- 3) қосымша есепті (кемінде бір) қамтиды.

Емтихан нәтижелерін бағалау қағидалары тестілердің дұрыс жауаптары үшін, есептерді шешкені үшін берілетін балдардың мөлшерін, сондай-ақ емтихан тапсыру үшін жалпы қосынды балды («өтпелі» балды) қамтиды, ол жалпы балл санының кемінде елу пайызын құрайды. Бұл ретте, бағалау қағидаларында міндетті есептің шешімі болмаса (бірнеше міндетті есептер болған кезде – қайсысы екені көрсетілсін) басқа тапсырмалар бойынша нәтижелерге қарамастан, емтиханды тапсырудың нәтижесі қанағаттанғысыз болып табылатынын көрсету қ а ж е т .

8. Міндетті есеп есептің мазмұнынан және оларды шешуге арналған тапсырмалардан тұрады .

Есептердің мазмұнында қандай кезеңге және қандай өлшем бірліктерінде ақпарат көрсетілгені және қандай нақты ахуал бойынша тапсырма қойылғаны көрсетіледі .

Міндетті есеп кемінде 8-10 тапсырмадан тұрады, бұл ретте олар бір мезгілде м ы н а л а р д ы :

1) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша – шоғырландырылған бухгалтерлік теңгерімді жасау жөніндегі тапсырма, «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес түрлі стандарттар бойынша олардың арифметикалық шешімімен кемінде төрт есепті;

2) «Салық және салық салу» пәні бойынша – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу бойынша тапсырмалар (кемінде екі түрі) немесе салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің бір түрі бойынша тура тапсырма және «Салық және салық салу» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес 1-5 және 20-21-тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру тапсырмаларын ;

3) «Азаматтық құқық» пәні бойынша – «Азаматтық құқық» пәні бойынша тақырыптар тізбесіне сәйкес кемінде он тақырып бойынша тапсырмаларды қ а м т и д ы .

Міндетті тапсырмалардың санын ұлғайтқан жағдайда тапсырмалардың саны м ө л ш е р л е с а з а й т ы л а д ы .

9. Аккредиттеу үшін материалдар қатесіз жазылады, мазмұны дәйекті қисынмен беріледі.

10. Аккредиттеу үшін материалдарды жасау кезіндегі шарттар: көлемі кемінде 200 бет, Times New Roman қарпі, қаріптің көлемі – кемінде 12 бт.

11. Аккредиттеу материалдары жаңартылады және өзгертілген жағдайда уәкілетті органға:

1) ХҚЕС өзгерген жағдайда, уәкілетті органның сайтында ресми орналастырылғаннан кейін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, қолданысқа енгізілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынылады.

### **«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша тақырыптар тізбесі**

1	1 (IAS) «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС
2	2 (IAS) «Қорлар» ХҚЕС
3	7 (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептер» ХҚЕС
4	8 (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер және қателер ХҚЕС
5	10 (IAS) «Есепті күннен кейінгі оқиғалар» ХҚЕС
6	11 (IAS) «Құрылысқа арналған шарттар» ХҚЕС
7	12 (IAS) «Пайдаға салынатын салықтар» ХҚЕС
8	16 (IAS) «Негізгі құралдар» ХҚЕС
9	17 (IAS) «Жалдау» ХҚЕС
10	18 (IAS) «Түсім» ХҚЕС
11	19 (IAS) «Қызметкерлерге берілетін сыйақы» ХҚЕС
12	20 (IAS) «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты жария ету» ХҚЕС
13	21 (IAS) «Валюталардың айырбастау бағамдарының өзгерістерінің әсері» ХҚЕС
14	23 (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар» ХҚЕС
15	24 (IAS) «Байланысқан тараптар туралы ақпаратты жария ету» ХҚЕС
16	26 (IAS) «Зейнетақы жоспарлары бойынша есеп пен есептілік» ХҚЕС
17	27 (IAS) «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілік» ХҚЕС
18	28 (IAS) «Қауымдасқан кәсіпорындарға салынатын инвестициялар» ХҚЕС
19	29 (IAS) «Гиперинфляциялық экономикадағы қаржылық есептілік» ХҚЕС
20	31 (IAS) «Бірлескен кәсіпкерлікте қатысу» ХҚЕС
21	32 (IAS) «Қаржы құралдары: ақпарат ұсыну» ХҚЕС
22	33 (IAS) «Акцияға пайда» ХҚЕС

23	34 (IAS) «Аралық Қаржылық Есептілігі» ХҚЕС
24	36 (IAS) «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС
25	37 (IAS) «Бағалау резервтері, шартты міндеттемелер м шартты активтер» ХҚЕС
26	38 (IAS) «Материалдық емес активтер» ХҚЕС
27	39 (IAS) «Қаржы құралдары: тану және өлше ХҚЕС
28	40 (IAS) «Инвестициялық мүлік» ХҚЕС
29	41 (IAS) «Ауыл шаруашылығы» ХҚЕС
30	1 (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолданылуы» ХҚЕС
31	2 (IFRS) «Акцияларға негізделген төлем» ХҚЕС
32	3 (IFRS) «Бизнес бірлестіктері» ХҚЕС
33	4 (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС
34	5 (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активт және тоқтатылған қызмет» ХҚЕС
35	6 (IFRS) «Пайдалы қазбалардың қорларын барлау жә бағалау» ХҚЕС
36	7 (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты жария ету» ХҚЕС
37	8 (IFRS) «Операциялық сегменттер» ХҚЕС
38	9 (IFRS) «Қаржы құралдары» ХҚЕС
39	10 (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ХҚЕС**
40	11 (IFRS) «Бірлескен іс-шаралар» ХҚЕС**
41	12 (IFRS) «Басқа кәсіпорындардағы (ұйымдардағы) мүдделерді жария ету» ХҚЕС**
42	13 (IFRS) «Әділ құнның өлшенуі» ХҚЕС**

## Е с к е р т п е :

\* осы пән бойынша білімді тексеру есеп айырысу және дискуссиялық бөліктерді қамтитын бес сұрақтан тұратын жазбаша емтихан жолымен жүргізіледі. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау бойынша мәселесі міндетті болып табылады;

\*\* қолданысқа енгізілген сәттен бастап.

## «Салық және салық салу» пәні бойынша тақырыптар тізбесі

1. Салықтың және салық салудың мәні. Қазақстан Республикасындағы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жүйесі.
2. Салықтық қатынастарға қатысушылар.
3. Салықтық міндеттеме.
4. Салықтық есепке алу.
5. Салықтық нысандар.
6. Корпоративтік табыс салығы.
7. Жеке табыс салығы.

8. Халықаралық салық салу ерекшеліктері.
9. Қосылған құн салығы.
10. Акциздер.
11. Экспортқа салынатын рента салығы. Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық.
12. Әлеуметтік салық.
13. Көлік құралдарына салынатын салық.
14. Жер салығы.
15. Мүлік салығы.
16. Ойын бизнесіне салынатын салық. Тіркелген салық.
17. Арнайы салық режимдері.
18. Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер. Алымдар. Мемлекеттік бажа.
19. Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер. Төлемдер.
20. Салықтық әкімшілендіру.
21. Салықтық тексерулер. Әкімшілік жауапкершілік. Тексеру нәтижелеріне шағымдану.

### **«Азаматтық құқық» пәні бойынша тақырыптар тізбесі**

1. Жалпы ережелер.
2. Азаматтық қарым-қатынастардың субъектілері.
3. Заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары.
4. Азаматтық құқықтар объектілері.
5. Мәмілелер.
6. Өкілдік. Сенімхат.
7. Азаматтық құқықтағы мерзімдер.
8. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар.
9. Міндеттемелер.
10. Шарт.
11. Еңбек қатынастарын құқықтық реттеу.
12. Зияткерлік меншік.
13. Банк ісі.
14. Сақтандыру.
- Бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйымның

басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты және әкесінің аты)  
(болған жағдайда)

Мөр орны \_\_\_\_\_

(күні)

Кәсіптік ұйымдарды,  
сертификаттау жөніндегі  
ұйымдарды аккредиттеу  
қағидаларына  
5-қосымша

### **Кәсіптік ұйымның пәндер бөлінісінде сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу үшін материалдарды қарауы бойынша нәтижелерді ұсыну нысаны**

1. Сертификаттау жөніндегі ұйымның атауы.
2. Уәкілетті органның аккредиттелген кәсіптік ұйымның атына аккредиттеу үшін материалдарды жіберген күні.
3. Осы тармақта тармақшалар бойынша аккредиттеу үшін ұсынылған материалдар мазмұнының «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бөлінісінде осы Қағидаларға 4-қосымшада айтылған талаптарға сәйкестігін және/немесе сәйкес еместігін мынадай нысан бойынша:

Р/с №	Тақырып №	Емтихандық тапсырманың №, тест сұрағының №	Ескертулер	Ұсыныстар	Негіздеме
1	2	3	4	5	6

с и п а т т а у қ а ж е т .

4. 3-тармақта айтылған деректер негізінде «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бөлінісінде аккредиттеу үшін ұсынылған материалдардың мазмұны бойынша аккредиттелген кәсіптік ұйымның қорытынды тұжырымдамаларын және ұсынымдарын көрсету қажет.

Аккредиттелген кәсіптік ұйымның қорытынды тұжырымдамалары мен ұсынымдары ұсынымдық сипатта болады.

Кәсіптік ұйымның  
басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты және әкесінің аты)  
(болған жағдайда)

М ө р      о р н ы      \_\_\_\_\_  
(күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК